



"Әділет біліктілік алқасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 21 қараша N 1739

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Әділет біліктілік алқасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

ЕСКЕРТУ. Заңның жобасы қайтарып алынды - ҚР Үкіметінің 2001.05.11.
N 624 қаулысымен.

P010624_

Әділет біліктілік алқасы туралы
Қазақстан Республикасының Заңы

Осы Заң Қазақстан Республикасы Конституциясының K951000_ 82-бабына сәйкес
Әділет біліктілік алқасының мәртебесін, түзілу тәртібін және жұмысының
ұйымдастырылуын айқындайды.

1-бап. Әділет біліктілік алқасының мәртебесі және қызметінің
құқықтық негізі

1. Әділет біліктілік алқасы (бұдан әрі - Алқа) Қазақстан Республикасының
Конституциясында көзделген дербес және тәуелсіз мекеме болып табылады.

2. Алқа қызметінің құқықтық негізі Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының сот жүйесін айқындайтын конституциялық заң, осы заң және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық кесімдері болып т а б ы л а д ы .

2-бап. Алқаның өкілеттіктері

А л қ а :

- 1) судья болып жұмыс істеуге тілек білдірген Қазақстан Республикасының азаматтарынан біліктілік емтихандарын қабылдайды;
- 2) судья қызметімен айналысуға біліктілік емтиханын тапсырған адамдардың есебін жүргізеді;
- 3) конкурс өткізеді және оның қорытындылары бойынша аудандық және оған теңестірілген соттар судьяларының бос қызмет орындарына кандидатты ұсынады;
- 4) уәкілетті адамдардың ұсынысы бойынша аудандық және оған теңестірілген сот төрағасының бос қызмет орнына кандидатты ұсынады.
- 5) аудандық және оған теңестірілген соттардың төрағалары мен судьяларын отставка және отставкасын тоқтату нысанында, өз тілегі бойынша, медициналық қорытындыға сәйкес денсаулығына, егер судья (соттың төрағасы) басқа соттағы судьяның бос қызмет орнына кіруге келісім бермесе, соттың қайта ұйымдастырылуына, таратылуына байланысты қызметінен босатуға ұсынымдар береді;
- 6) нормативтік-құқықтық кесімдермен көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

3-бап. Алқаның төрағасы

1. Алқа төрағасын Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды.
2. Алқаның төрағасы:
 - 1) Алқаның жұмысын ұйымдастырады, отырыстарды шақырады;
 - 2) Алқа отырысына енгізілетін мәселелерді дайындауға басшылық жасауды жүзеге асырады;
 - 3) Алқа шешімінің негізінде конкурсқа қатысуға жіберілген адамдардың тізімін, сондай-ақ конкурсқа қатыстырудан бас тартылған тұлғалардың тізімін бекітеді;
 - 4) Алқаның отырыстарына төрағалық етеді, Регламенттің сақталуын және Алқа шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді;

5) заңнамада және Алқа Регламентінде көзделген басқа да ұйымдастыру-әкімшілік өкілеттіктерді жүзеге асырады.

3. Алқа Төрағасы орнында болмаған жағдайда оның тапсырмасы бойынша міндетін уақытша атқару Алқаның Хатшысына жүктеледі. Хатшы орнында болмаған жағдайда Төрағаның міндеттерін атқару Алқа мүшелерінің біріне жүктеледі.

4 - б а п . А л қ а н ы ң Х а т ш ы с ы

1. Төрағаның ұсынысы бойынша Алқаның құрамынан Хатшы сайланады. Алқаның Хатшысы орнында болмаған жағдайда Төрағаның тапсырмасы бойынша оның міндеттерін атқару Алқа мүшелерінің біріне жүктеледі.

2 . А л қ а н ы ң Х а т ш ы с ы :

1) Алқа мүшелерінің ұсынысы бойынша алдағы отырыстың қарауына енгізілетін мәселелерді құрады және олар туралы күні бұрын Төрағаға хабарлайды;

2) өз қолымен отырыстар хаттамаларынан, Алқа қабылдаған қорытындылар мен ұсыныстардан үзінді көшірмелерді куәландырады;

3) келіп түскен материалдарды зерделейді, олар туралы Төрағаға баяндайды, оның тапсырмасы бойынша қосымша құжаттарды талап етіп алдырады, тексеру ұйымдастырады ;

4) Алқа жұмысының ұйымдастырылуын жақсартуға бағытталған ұсыныстар енгізеді ;

5) Алқаның отырысына шақырылатын адамдардың тізімін белгілейді;

6) Төрағаның өкімдері мен Алқаның шешімдерін орындайды.

5-бап. Әділет біліктілік алқасының құрамы

1. Алқа Парламент Мәжілісі жіберген екі депутаттан, алты судьядан (Жоғарғы Соттың екі судьясынан, облыстық және оған теңестірілген соттың екі судьясынан, аудандық және оған теңестірілген соттың екі судьясынан), екі прокурордан, бір заңгер ғалымнан, бір құқық пәнінің оқытушысынан, әділет органдарының екі қызметкерінен тұрады .

2. Алқа құрамына ұсынылатын адамдар принциптілігі мен және мінсіз беделімен, кәсіби біліктілігімен және заң мамандығы бойынша жұмыс тәжірибесімен ерекшеленуге тиіс .

6 - б а п . А л қ а н ы т ү з у т ә р т і б і

1. Парламент Мәжілісінің депутаттары Парламент Мәжілісінің шешімімен екі жарым жыл мерзімге Алқа құрамына жіберіледі.

2. Судьялар Жоғарғы Соттың Бірлескен отырысында судьялардың бірлескен отырыстары ұсынған кандидаттардың арасынан екі жыл мерзімге сайланады.

Алқа құрамына сайланған судья Бірлескен отырыстың шешімімен Жоғарғы Сот судьяларының кемінде үштен бірінің бастамасымен кері шақырылып алынуы мүмкін.

3. Прокурорлар мен әділет органдарының қызметкерлерін тиісінше Бас Прокуратура мен Әділет министрлігінің басшылары екі жыл мерзімге тағайындайды.

4. Заңгер ғалым мен құқық пәнінің оқытушысы Білім және ғылым министрлігінің алқасында екі жыл мерзімге сайланады.

5. Шығарылу жағдайында Алқаның жаңа мүшесі кемінде екі айдан кешіктірілмей жіберілуі немесе сайлануы тиіс.

7-бап. Алқа қабылдайтын шешімдер

Алқа біліктілік емтиханын тапсыру фактісін куәландырады және мынадай:

1) аудандық және оған теңестірілген соттың судьясы мен төрағасын тағайындауға ұсынымдар беру немесе ұсыным беруден бас тарту туралы;

2) аудандық және оған теңестірілген соттардың төрағалары мен судьяларын отставка және отставкасын тоқтату нысанында, өз тілегі бойынша, медициналық қорытындыға сәйкес денсаулығына байланысты, егер судья (соттың төрағасы) басқа соттағы судьяның бос қызмет орнына кіруге келісім бермесе, қызметтен босату мәселелері жөнінде ұсынымдар беру немесе ұсыным беруден бас тарту туралы;

3) Алқаның қызметіне байланысты өзге де шешімдер қабылдайды.

8-бап. Алқаның шешімдеріне шағым беру

Алқаның шешімі шешім қабылданған күннен бастап бір ай мерзімде Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесіне шағымдалуы мүмкін.

Шағымдалу құқығына Алқаның шешімі өзіне қатысты қабылданған адам, сондай-ақ осы мәселені көтерген лауазымды адам ие болады.

9-бап. Судьялық қызметтерге кандидаттарды іріктеу тәртібі

1. Аудандық және оған теңестірілген соттар судьяларының бос қызмет орындарына кандидаттарды Алқа конкурстық негізде іріктейді.

2. Алқа Қазақстан Республикасының Президентіне ұсыным беру үшін аудандық немесе оған теңестірілген сот судьясының, сондай-ақ төрағасының бос қызмет орнына тағайындауға кандидатты Әділет министріне ұсынады.

3. Алқаның ұсынысын Әділет министрі бір ай мерзімде қарайды. Әділет министрі ұсынылған кандидатураға келіспеген жағдайда, Алқа талқылау қорытындылары

бойынша сол кандидатураны қайталап енгізуге құқылы не басқа кандидат ұсынады.

4. Бір кандидатты қайталап енгізуге келіспеген жағдайда Әділет министрі осы кандидатура бойынша дәлелді қорытындымен Қазақстан Республикасының Президентіне ұсыным енгізеді.

10-бап. Алқаның жұмыс тәртібі

1. Алқаның отырыстары қажет болған жағдайда, алайда жылына кемінде төрт рет өткізіледі.

2. Алқаның отырыстары Алқа мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда құқықтық күші бар деп есептеледі.

3. Алқа отырыстарының уақыты мен орны туралы оның мүшелері мен шақырылған адамдар он күнтізбелік күннен кешіктірілмей хабардар етіледі.

4. Алқаның отырыстары ашық өтеді, ал қажет жағдайларда Алқаның шешімімен жабық отырыстар өткізілуі мүмкін.

5. Алқа материалдар келіп түскен күннен бастап үш айдан кешіктірілмейтін мерзімде қарады.

6. Егер алқа мүшесі соған қатысты шешім қабылданатын адамның жақын туысы болса, ол Алқа отырысының күн тәртібіне енгізілген мәселені қарауға қатысуға құқылы емес.

11-бап. Материалдарды қарау тәртібі

1. Материалдарды қарау Алқаға өтінішпен жүгінген адамның қатысуымен өтеді.

2. Отырыстың өтетін уақыты мен орны туралы тиісінше хабарланған адам Алқа отырысына дәлелсіз себептермен қайталап келмей қалған жағдайда, мәселе аталған адам болмаса да қаралуы мүмкін.

12-бап. Шешім қабылдау тәртібі

1. Қаралатын мәселелер бойынша Алқа мүшелердің жалпы санының жай көпшілік дауысымен отырысқа қатысып отырған барлық мүшелер қол қоятын хаттамалық шешімдер және (немесе) ұсынымдар қабылдайды. Алқа мүшелерінің дауыс беруден қалыс қалуға хақы жоқ.

2. Дауыстар тең болған жағдайда төрағалық етушінің даусы шешуші болып табылады.

13-бап. Алқаның Регламенті

Осы Заңмен реттелмеген құжаттарды қабылдау Алқада біліктілік емтихандарын тапсыру, конкурс өткізу ұсыным беру тәртібі, сондай-ақ ішкі тәртіп пен қызметті ұйымдастыру мәселелері Алқа мүшелері жалпы санының көпшілік даусымен Алқа қабылдаған Регламентпен айқындалады.

14-бап. Алқа қызметін ұйымдық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету

Алқа қызметін ұйымдық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Шарипова М.Е.